

Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы N 4000 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңымен
МАЗМҰНЫ

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 2012.02.16 № 561-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Заңның кейбір тармақтарының күші 1 сәуір 1997 жылға дейін тоқтатылған - ҚР Президентінің 1994.04.12. N 1652 және 1994.04.18. N 1675 ж а р л ы қ т а р ы м е н .

Ескерту. 1994 жылғы 14 шілдедегі Заңмен қайтадан күшіне енгізілген.

Ескерту. Мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - IV" деген цифрлар тиісінше "1 - 4" деген цифрлармен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

Әскери қызметшілердің мәртебесі және әлеуметтік қорғалуы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңмен, басқа да заң актілерімен, соның ішінде Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық құқылық актілермен белгіленеді.

Осы заңда қызметшілердің құқықтары, бостандықтары, әскери борышын атқару кезіндегі міндеттері мен жауапкершілігі белгіленіп, оларды әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік саясаттың алғашқы негіздері айқындалады.

1 Бөлім. Жалпы ережелер

1-бап. Әскери қызметшілер және әскери қызмет

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет атқаратын Қазақстан Республикасының азаматтары әскери қызметшілер болып табылады.

Оларға шақыру немесе келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер, сондай-ақ әскери жиындарға шақыру кезеңіндегі әскери міндеттілер жатады.

Әскери қызметшілер әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде мемлекеттің қорғауында болады. Олар әскери жарғыларға сәйкес өздеріне бастық болып

табылатын адамдарға ғана бағынады және олардың қызметтік ісіне араласуға басқа ешкімнің құқығы жоқ.

Әскери қызметшілер әскери қызметті іс жүзінде орындаудың барлық жағдайында: ұрыс қимылдарына қатысу, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау, әскери кезекшілікте (жауынгерлік қызметте) жүргенде, жаттығуларда, жиындарда, қызмет бабындағы іссапарларда жүру кезінде, қызметін атқаратын жерге бара жатқанда және кейін қайтқан кезде, әскери бөлімде, кемеде, объектіде, мекемеде, кәсіпорында, әскери (арнаулы) оқу орнында (бұдан әрі - әскери бөлім) болған кезде, регламентпен белгіленген қызмет уақытының ішінде немесе егер бұл қызмет қажеттілігінен туындаса, басқа жерде және басқа уақытта, ал мерзімді қызмет әскери қызметшілері әскери қызметтен өтудің бүкіл уақытында әскери қызмет міндеттерін атқарушы болады.

Әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген, олардың жеке басы мен азаматтығын куәландыратын құжаттар, сондай-ақ әскери қызметшілердің жеке басы мен құқықтық жағдайын куәландыратын құжаттар беріледі.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.07.08. N 478, өзгерту енгізілді - 2007.05.22. N 255 Заңдарымен.

2-бап. Әскери қызметшілердің мәртебесі

Әскери қызметшілердің мәртебесі әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасының азаматы ретінде заңмен белгіленген ішінара тыйым салу мен шектеулері бар жалпы құқықтарын, бостандықтары мен міндеттері, сондай-ақ олардың қызмет ерекшеліктеріне байланысты құқығын, міндеті мен жауапкершілігін қамтиды.

Әскери қызметшілердің мәртебесі олардың құқықтары мен міндеттерін орындауда, сондай-ақ әскери қызметтен өту кезінде де, әскери қызметтен босатылғаннан кейін де оларды әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік кепілдіктерін көздейді.

Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының Конституциясымен және осы Заңмен белгіленген құқықтары мен бостандықтарын шектеуге ешкімнің де құқығы жоқ.

Әскери қызметшілердің осы Заңмен белгіленген құқықтары мен бостандықтарына ішінара тыйым салу және шектеу, олардың ерекше міндеті мен жауапкершілігі қосымша құқықтар мен жеңілдіктер арқылы өтеледі.

Әскери қызметшілердің соғыс кезіндегі және төтенше жағдай уақытындағы мәртебесінің ерекшеліктері соғыс уақытының заңдарымен және төтенше жағдай режимі туралы заңмен белгіленеді.

3-бап. Әскери қызметші мәртебесі бар адамдар

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларда әскери қызметтен өтуші адамдар мен әскери жиында жүрген әскери міндеттілер әскери қызметші мәртебесіне ие болады.

Азамат әскери қызметке белгіленген (шақырылған, кіріскен) күннен бастап әскери қызметші мәртебесіне ие болады және одан әскери қызметтен босатылуына байланысты әскери бөлімнің тізімінен шығарылған күннен бастап айырылады.

Әскери қызметші мәртебесі туралы заңдардың жекелеген ережелері мен нормалары олардың отбасы мүшелеріне, әскери қызметтен босатылған адамдарға, сондай-ақ әскери қызметтен өту кезінде қаза тапқан, қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен немесе мүгедек болған әскери қызметшілерінің отбасы мүшелеріне де қолданылады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі әскери қызметтен босатылған Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі - ТМД) елдеріне тұрақты тұруға қоныс аударған адамдардың мәртебесі мемлекетаралық келісімдермен белгіленеді. Бас мемлекеттердің армиясында әскери қызметтен өтуші Қазақстан Республикасының азаматтарына бұл Заң қолданылмайды, бұған әскери қызметтен босатылған және Қазақстан Республикасының аумағына тұрақты тұруға келген адамдар қосылмайды.

Тұтқынға түскен, сондай-ақ бейтарап елдерде еркінен айырылған әскери қызметшілердің әскери қызметші мәртебесі сақталады. Әскери командование мен уәкілдік берілген басқа да мемлекеттік органдар аталған әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау жөнінде халықаралық құқық нормаларына сәйкес шаралар қолдануға міндетті.

Әскери қызметшілер бас бостандығынан айыруға сотталған жағдайда олардың, сондай-ақ отбасы мүшелерінің әскери қызметшілер мәртебесінде көзделген құқықтарын жүзеге асыру уақытша тоқтатыла тұрады (тоқтатылады) немесе заңда көзделген тәртіп бойынша шектеледі.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1993.10.19. N 2453-XII Заңымен, 2003.07.08. N 478 Заңымен .

4-бап. Әскери қызметшілерді әлеуметтік және құқылық жағынан қорғау кепілдіктері

Мемлекет әскери қызметшілерді әлеуметтік және құқылық жағынан қорғауға кепілдік береді, оларды қажетті тұрмыс жағдайымен қамтамасыз етіп, қызметінің ерекше сипатын ескере отырып, тиісті қызмет жағдайын жасайды.

Барлық әскери қызметшілер атқаратын қызметі мен әскери атағына қарамастан заң алдында тең. Әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттеріндегі, әскери қызметтен өту шарттарындағы, материалдық жағынан

камтамасыз етілуіндегі айырмашылықтар Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді.

Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды іске асыру, олардың заңды мүдделерін камтамасыз ету Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың басшылығына және өзге де мемлекеттік органдарға жүктеледі.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру жөніндегі міндеттерін сақтамағаны үшін кінәлі басшылары, командирлер мен бастықтар, басқа лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіппен жауап береді.

Әскери қызметшілер құқығына және ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін заңсыз іс-әрекет жасаған бастықтардың үстінен тікелей сотқа шағым беруге құқылы.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1993.10.19 N 2453-XII Заңымен, ҚР Президентінің 1995.11.07 N 2606 Жарлығымен, ҚР 2003.07.08 N 478, 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2 Бөлім. Әскери қызметшілердің құқықтары және оларды әскери асыру кепілдіктері

5-бап. Мемлекеттік және қоғамдық өмірге қатысу

Қазақстан Республикасының әскери қызметші-азаматтары мемлекеттік және қоғамдық өмірге қатысуға, мемлекеттік өкімет органдарына сайлауға және сайлануға құқылы.

Әскери қызметшілердің құқықтары мен мүдделерін қоғамдық (ұжымдық) қорғау міндеті олардың қоғамдық бірлестіктеріне (әртүрлі категориялы әскери қызметшілердің жиналыстары мен кеңестеріне) жүктеледі.

Әскери қызметшілер партиялардың, кәсіптік одақтардың қатарында тұрмауға, қандай да бір саяси партияны жақтамауға тиіс.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.07. N 2606 Жарлығымен .

6-бап. Ереуілдерге, тосқауылдарға және өзге де наразылық әрекеттеріне қатысу

Әскери қызметшілердің ереуілдер, тосқауылдар және әскери бөлімнің, мекеменің жауынгерлік әзірлігіне теріс ықпал ететін өзге де рұқсат берілмеген

наразылық әрекеттерін ұйымдастыруына және оларға қатысуына тыйым салынады.

7-бап. Жүріп-тұру бостандығы

Әскери қызметшілердің жүріп-тұру бостандығы әскери бөлімдер мен бөлімшелерді жауынгерлік әзірлікте ұстаумен, олардың қажет болған жағдайда қызмет атқаратын орнына дер кезінде жетуімен ұштастырылуға тиіс.

8-бап. Еңбек ету құқығын іске асыру

Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери қызметке кіруде құқықтары тең. Мемлекет әскери қызметшілерге: қызмет атқаруға, қызметі бойынша ауысуға, кәсіптік біліктілігі мен іскерлік сапасына сай кезекті әскери атақ құқығына кепілдік береді.

Әскери қызметтің ауыр климаттық, экологиялық, физикалық немесе кәсіптік жағынан қолайсыз жағдайда атқарылуы ақшалай үстеме қосу және қызмет еткен жылына жеңілдік беру арқылы өтеледі.

Климаттық және экологиялық жағдайлары ауыр жерлердегі қызмет мерзімі шектеледі және одан өту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтің әскери қызметшілері мен әскери оқу орындарының курсанттарынан басқа) әйелдеріне (күйеулеріне) мамандығы бойынша еңбекке орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде күйеулерімен (әйелдерімен) бірге тұрған бүкіл кезеңі жасына байланысты зейнетақы тағайындау үшін қажетті жалпы жұмыс стажына қосылады және осы кезеңде оларға Қазақстан Республикасында жұмысшылар мен қызметшілер үшін белгіленген ең аз жалақы мөлшерінде ай сайынға жәрдемақы төленеді. Аталған жерлердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне жұмысқа қабылдау кезінде және қызметкерлердің санын немесе штатын қысқарту кезінде жұмыста қалуға, сондай-ақ өндірісте қол үзіп кәсіптік жағынан даярлауға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға бірінші кезекте жіберу мен оқу кезеңінде орташа жалақысын сақтауға артықшылық құқық беріледі.

Әскери қызметшілердің, соның ішінде қызметтен өту кезінде қаза тапқан, қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кеткен әскери қызметшілердің балаларына атқарушы органдар тұрғылықты жері бойынша мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде кезектен тыс орын береді, оның ақысы мемлекеттік мектеп жасына дейінгі мекемелер үшін белгіленген мөлшерде алынады.

Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа), педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтерден басқа, кәсіпкерлік не басқа да ақылы қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындары курсанттарының кез келген ақылы қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

Әскери қызметшілерді әскери қызметімен байланысты емес жұмыстарды атқаруға қатыстыруға Қазақстан Республикасының заңдары белгілейтін тәртіппен жол беріледі. Бұл орайда осы жұмыстарды атқаратын басқа адамдар үшін көзделген жеңілдіктер әскери қызметшілерге де қолданылады.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.07. N 2606 Жарлығымен , Қазақстан Республикасының 2003.07.08. N 478 , 2007.05.22. N 255 Заңдарымен.

9-бап. Қызмет уақыты және демалыс. Еңбек демалысы

Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) апта сайынғы қызмет уақытының жалпы ұзақтығы жұмысшылар мен қызметшілер үшін заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығынан аспауға тиіс, ал мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілер үшін ол әскери жарғылардың талаптарына сәйкес белгіленеді.

Әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) аптасына кемінде бір тәулік, бірақ айына кемінде алты тәулік демалыс беріледі.

Тізбесін құрылымында әскери қызметшілер әскери қызметте тұратын Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың басшылығы белгілейтін жауынгерлік кезекшілік (жауынгерлік қызмет), жаттығулар мен басқа шаралар қызмет уақытының жалпы ұзақтығы шектеусіз өткізіледі.

Әскери қызметшілер апта сайынғы қызмет уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс, сондай-ақ демалыс, мереке және жұмыс істемейтін күндері әскери қызмет міндетін атқаруға қатыстырылған жағдайда оларға командир (бастық) аптаның басқа күндерінде демалыс береді.

Әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) жыл сайынғы негізгі еңбек демалысы беріледі, оның ұзақтығы жалпы қызмет еткен жылына, әскери қызметтің ерекшеліктері мен жағдайларына байланысты болады және төмендегідей болып белгіленеді:

Әскери қызметте 10 күнтізбе жыл еңбек сіңірсе - 30 тәулік;
10 жылдан 15 жылға дейін - 35 тәулік;
15 жылдан 20 жылға дейін - 40 тәулік;
20 жыл және одан көп болса - 45 тәулік;

жауынгерлік кезекшілік атқарушы ұшу жұмысындағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тізбедегі орындарда әскери қызмет атқарушы адамдарға - 45 тәулік.

Еңбек демалысы ұзақтығына демалысын өткізу орнына беру мен қайтуға қажетті уақыт кірмейді.

Әскери қызметшілердің (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқа) демалысы әскери қызмет мүддесін және әскери қызметшінің тілегін ескере отырып екі бөліп берілуі мүмкін.

Әскери қызметшілердің мына категорияларына: өз міндетін денсаулыққа зиянды (ауыр) жағдайда атқарғаны үшін, қызметінің ерекше сипаты (ұзақ мерзімді іссапар, вахталық әдіспен жауынгерлік кезекшілік атқару және олардың тұрақты орналасқан орнынан тыс жерлерге ұзақ уақытқа жіберілген реттері) үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде ;

экологиялық апат аймақтарында қызмет атқарғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қосымша еңбек демалысы (демалыс) беріледі.

Мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерге көтермелеу түрінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғыларында белгіленген тәртіппен қысқа мерзімді демалыс беріледі.

Әскери қызметшілерге қажет болған жағдайда сырқаттануына байланысты, отбасы жағдайына байланысты қысқа мерзімді демалыс, ал әскери (арнаулы) оқу орындарында оқитындарға каникул беріледі.

Әскери қызметшілерге (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқасына) адъюнктураға, әскери докторантураға дайындалу және түсу емтихандарын тапсыру үшін, сондай-ақ жоғары оқу орындарына түсу емтихандарын тапсыру үшін оқу демалыстары беріледі, ал ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесіне талаптанушыларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша шығармашылық демалыстар беріледі.

Әскери қызметшілердің жұмыс істейтін зайыптарына (жұбайларына) жыл сайынғы демалыс олардың жұбайларының (зайыптарының) кезекті демалысымен бір мезгілде берілуге тиіс. Бұл орайда демалыстың ұзақтығы жалақысын сақтамай қосымша демалыс беру есебінен жұбайы (зайыбы) демалысының ұзақтығына тең болуы мүмкін.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.07. N 2606 Жарлығымен , Қазақстан Республикасының 2003.07.08. N 478 Заңымен .

10-бап. Ақшамен және материалдық жағынан қамтамасыз ету

Мемлекет әскери қызметшілерді азаматтардың әскери қызметке ынта-ықыласын арттыратын мөлшерде ақша қаражатымен қамтамасыз етеді.

Әскери қызметшілерге ақшалай үлес Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді және ол қызметтен өтудің Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген ерекше жағдайлары үшін төленетін ақшалай қаражат пен үстеме ақыны қамтиды.

Әскери қызметшілердің ақшалай қаражаты лауазымдық айлықақыдан және әскери атағы бойынша айлықақыдан тұрады.

Әскери қызметшілердің ақша қаражаты тіршілік құнының өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіпке сәйкес қайта қаралуға тиіс.

Солдаттар (матростар), сержанттар (старшиналар) лауазымдарына келісімшарт бойынша әскери қызметке алғаш түскен азаматтарға жасалатын келісімшарт мерзіміне байланысты мынадай мөлшерде біржолғы ақшалай сыйақы төленеді:

3 жылға - 1 лауазымдық айлықақы мөлшерінде;
5 жылға - 10 лауазымдық айлықақы мөлшерінде;
10 жылға - 20 лауазымдық айлықақы мөлшерінде.

Көрсетілген ақшалай сыйақыларды төлеу келісімшарт жасалған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

Алынған біржолғы ақшалай сыйақы:

1) "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабы 1-тармағының 4), 5), 7) тармақшаларында және 2-тармағының 3), 4), 5), 6) тармақшаларында көзделген жағдайларда келісімшарт мерзімі аяқталғанға дейін әскери қызметтен босатылған кезде;

2) егер бұдан әрі әскери қызметті атқара алмайтындай жаралану, контузия, жарақат алу, мертiгу немесе ауру әскери қызметшінің заңға қайшы іс-әрекет жасауынан немесе алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан мас болу немесе өзіне қандай да бір дене жарақатын түсіру (денесіне зиян келтіру) себебінен болғаны немесе әскери қызметтен жалтару мақсатында өз денсаулығына өзге де зиян келтіргені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, қайтаруға жатады.

Төленген біржолғы ақшалай сыйақыны қайтару әскери қызметші әскери қызметін өткерген мемлекеттік органға ол әскери қызметтен босатылған күнінен бастап бір ай мерзімде жүргізіледі.

Әскери қызметші әскери қызметін өткеру кезеңінде қаза тапқан (қайтыс болған), бұдан әрі әскери қызметті атқара алмайтындай жараланған, контузия, жарақат алған, мертiккен немесе ауырған жағдайда біржолғы ақшалай сыйақыны қайтару жүргізілмейді.

Әскери қызметшілер (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқасы) бір жерден екіншісіне көшуіне байланысты (соның ішінде әскери бөлім немесе бөлімше құрамында) қызметін ауыстырған жағдайда оларға әскери қызметшінің өзіне екі айлық ақшалай үлес және онымен бірге көшкен әрбір отбасы мүшелеріне айлық ақшалай үлесінің жартысы көтерме жәрдемақы төленеді.

Әскери қызметшілер мемлекет есебінен заттай мүлікпен қамтамасыз етіледі.

Казармалық жағдайдағы мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілердің, әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарының, сондай-ақ ұшқыштар, ұшуларды дайындау жөніндегі инженерлік құрамның әскери қызметшілерінің қызметтен өту жағдайы ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар бойынша азық-түлікпен қамтамасыз етіледі.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарына демалысқа кеткен кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар бойынша азық-түлік сыбағасының орнына ақшалай өтемақы төленеді.

Парашютпен секіруді әскери кемелерде (катерлерде), әскери-қосымша кемелерде теңізде қызмет атқаратын, олардың база орындарында дауылға қарсы дайындық барысы кезінде іс-шараларды жүзеге асыратын, маяктарда вахтада тұратын әскери қызметшілер, сондай-ақ әскери қызметшілер әскери кезекшілікті атқарған, әскери эшелондарға ілесіп жүрген, дала іс-қимылдары шараларына қатысқан және стационарда емделуде болған кезде осы кезеңге Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген норма бойынша азық-түлікпен қамтамасыз етіледі.

Шалғайдағы аудандарда орналасқан жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара заставаларында және комендатураларда қызметтен өтіп жүрген әскери қызметшілер (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқа), олардың отбасы мүшелері ақылы азық-түлікпен қамтамасыз етіледі. Азық-түлікпен қамтамасыз етудің тәртібі мен нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді .

Әскери қызметшілердің қалауы бойынша (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқасы) оларға киім-кешек орнына ақшалай өтем төленуі мүмкін .

Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.16. N 476 , 2001.10.10. N 247 , 2003.07.08. N 478 , 2009.02.09. N 125-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Меншік құқығы

Әскери қызметші Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес меншік иесі болуға, өз мүлкі мен басқа да меншік объектілерін иеленуге, пайдалануға және оларға билік етуге құқылы.

Әскери қызметшілердің меншігі олардың ақшалай және заттай үлес алуы (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқасы), жеке үй жанындағы шаруашылығын жүргізу, әскери қызметке шақырылғанға (кіргенге, белгілегенге) дейін алынған кірісі, мұрагерлік, сый ретінде көшкен мүлік, сондай-ақ осы Заңмен тыйым салынбаған басқа да қызмет есебінен құрылады және көбейтіледі.

Мемлекет әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының азаматтары ретінде меншікті жекешелендіру процесінде одан басқа азаматтармен тең үлес алуға кепілдік береді.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1993.10.19. N 2453-ХІІ Заңымен, ҚР Президентінің 1995.10.05. N 2488 жарлығымен , 1995.11.07. N 2606 Жарлығымен , Қазақстан Республикасының 2003.07.08. N 478 Заңымен .

12-бап. Тұрғын үй алу құқығы

Әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) мен олардың отбасы мүшелері мемлекет есебінен тұрғын жайлармен (пәтерлермен) қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) мен олардың отбасы мүшелеріне тұрғын жаймен (пәтермен) қамтамасыз етілгенге дейін уақытша тұру үшін қызметтік тұрғын үйлерге теңестірілген тұрғын үйлер, қызметтік тұрғын үйлер немесе жатақханаларда тұрғын жайлар міндетті түрде беріледі.

Әскери қызметшілерді (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) жасы бойынша әскери қызметтен босатылғанға дейін үш жыл бұрын не денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттың қысқаруына байланысты әскери қызметтен босатылатын жылы әскери қолбасшылықтың ұсынысы бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары олардың таңдаған тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй бөлу кезектілігінің тізіміне енгізеді.

Шетелге және климат жағдайы ауыр жерлерге әскери қызметтен өту үшін жіберілген әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) өздері тұратын тұрғын жайлары олардың шетелде және аталған жерлерде болған бүкіл уақытына сақталады.

Қызмет бойынша ауысқан кезде тұратын тұрғын жайы сақталатын әскери қызметшілерге жаңа қызмет орны бойынша қызметтік тұрғын үйлер беріледі.

Әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) жабық және оқшауланған әскери қалашықтардағы, шекара заставаларындағы және комендатуралардағы орталықтандырылған жылуды қоспағанда, коммуналдық қызмет көрсету шығындарын төлеу үшін республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген мөлшерде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен ақшалай өтемақы төленеді.

Жабық және оқшауланған әскери қалашықтардағы, шекара заставаларындағы және комендатуралардағы тұрғын үйлерді ұстау мен орталықтандырылған жылуды беру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбелер бойынша мемлекет есебінен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік тұрғын үй қорының үйлерінен тұрғын жаймен қамтамасыз етілген әскери қызметшілер, жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара заставаларында және комендатураларда орналасқан тұрғын жайларды қоспағанда, әскери қызметтен босатылғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасында белгіленген тәртіппен оны меншігіне алуға құқылы. Әскери қызметтен босатылған және күнтізбелік есеппен жиырма және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар әскери қызметшілер тұратын тұрғын жайын өтеусіз меншігіне алуға құқылы.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді, әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарын тұрғылықты жері немесе жұмыс орны бойынша тұрғын жай (пәтер) алуға кезектілік тізімінен шығаруға болмайды және олардың әскери қызметке шақырылғанға немесе әскери (арнаулы) оқу орнына түскенге дейін тұрған тұрғын жайы сақталады.

Тұрғын жай сатып алу үшін немесе жеке тұрғын үй салу үшін кредит алған әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде және тәртіппен кредит сомасы өтеледі.

Асыраушысынан айрылған әскери қызметшілердің отбасыларын, оларға тұрмысқа жайлы тұрғын жайды өтеусіз бермейінше өздері тұратын тұрғын ж а й д а н ш ы ғ а р у ғ а б о л м а й д ы .

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.07.08 N 478, өзгерту енгізілді - 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2011.07.22 № 479 -IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Өмір мен денсаулықты сақтау. Медициналық қ а м т а м а с ы з е т у

Әскери қызметшілердің өмірі мен денсаулығын сақтауға қамқорлық жасау - командирлердің (бастықтардың) міндеті. Оларға жаттығулар, басқа да жауынгерлік әзірлік шараларын өткізу, қызмет ету, қару-жарақ пен әскери техниканы пайдалану кезінде, жұмыс жүргізген және күнделікті қызмет кезінде қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету жүктеледі.

Әскери қызметшілердің әскери-медициналық бөлімшелерде, бөлімдер мен мекемелерде (бұдан әрі әскери-медициналық мекемелер) медициналық тегін қамтамасыз етілуге құқығы бар. Әскери қызметшілердің қызмет ететін немесе тұратын жерінде әскери-медициналық мекемелер жоқ болса, не оларда тиісті бөлімшелер не медициналық көрсеткіштер бойынша арнаулы жабдықтар жоқ болса, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында, жеке медициналық ұйымдарда және жеке медициналық практикамен айналысатын адамдар арқылы тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шегінде медициналық көмек көрсетіледі.

Жеке денсаулық сақтау ұйымдары мен жеке медициналық практикамен айналысатын адамдардың әскери қызметшілерге тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шегінде медициналық көмек көрсетуі бойынша шығындары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен өтеледі.

Әскери қызметшілерге емделуге жұмсаған қаражатын олар құрылымында әскери қызметтен өтетін Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрамалар өтейді.

Офицерлердің отбасы мүшелері (зайыбы, жұбайы, 18 жасқа дейінгі балалары) әскери-медициналық мекемелерде тегін медициналық жәрдем алуға құқылы. Емханаларда емделген кезінде отбасы мүшелеріне дәрі-дәрмек ақы төлетіп беріледі, бұған заңға сәйкес ақы алынбайтын реттер кірмейді.

Әскери қалашықтарда, шекара заставаалары мен комендатураларда орналасқан әскери қызметшілерді санитарлық-эпидемиологиялық жағынан қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде жарақаттанған, контузия алған, зақымданған, мертліккен немесе ауруға шалдыққан әскери қызметшілер өздері құрылымында әскери қызметтен өткен Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың қаражаты есебінен санаторийлерге жіберіледі.

Осы баптың екінші, үшінші бөліктерінде аталған әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтары және оларға берілетін жеңілдіктер әскери қызметтен жасына, денсаулық жағдайына немесе штат қысқартылуына байланысты босатылған, әскери қызметінің жалпы ұзақтығы 20 және одан да көп жыл болатын офицерлер мен олардың отбасы мүшелеріне де қолданылады.

Соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектері, соғыс қимылдарына басқа да қатысушылар, әскери қызмет міндетін атқару кезінде алған жарақаты, контузиясы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болып, әскери қызметтен босатылған әскери қызметшілер, полковник атағымен және одан жоғары атақпен запасқа немесе отставкаға шыққан офицерлер медициналық және санаториялық-курорттық емделуден бірінші кезекте өтуге құқылы.

Мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілер, әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттары мен әскери мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері медициналық көрсеткіштері болған жағдайда әскери санаторийлерде санаториялық-курорттық тегін емделумен қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметші әйелдер Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген әйелдерді, ана мен баланы қорғау мәселелері жөніндегі барлық жеңілдіктерді пайдаланады. Бұл жеңілдіктер анасы жоқ балаларды (анасы қайтыс болған, аналық құқынан айрылған жағдайда және заңдарда белгіленген басқа да жағдайларда) тәрбиелеп отырған әскери қызметшілерге де қолданады.

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1993.10.19. N 2453-XII Заңымен, 1999.04.07. N 374 Заңымен, 2003.07.08. N 478 Заңымен .

14-бап. Әскери қызметшілерге қаза тапқан (қайтыс болған) немесе жарақат алған жағдайда берілетін кепілдіктер

Әскери қызметші немесе әскери жиынға шақырылған әскери міндетті адам әскери қызметтен өту кезеңінде қаза тапқан (қайтыс болған), жарақат алған жағдайда оларға бір жолғы өтем төленеді.

Бір жолғы өтемді төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Әскери қызметші қызметін атқару (жиын) кезінде не қызметтен өту кезеңінде алған жарақат (контузия), ауру салдарынан қызметтен босағаннан кейін қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оның мұрагерлеріне (мұрагерлікке құқығын дәлелдейтін куәлігін табыс еткеннен кейін) соңғы атқарған қызметі бойынша қаза тапқан (қайтыс болған) күніне дейінгі бір жолғы өтемді алпыс айлық ақшалай қаражатының мөлшерінде төлейді.

Әскери жиынға шақырылып, әскери қызметтен өту кезінде қаза тапқан немесе мертігу (жаралану, жарақ алу, контузия), ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілер, әскери міндеттілер әскери қызмет (әскери жиын) өткізілген жерде немесе олардың туған-туысқандарының қалауы бойынша басқа жерде жерленеді. Мәйітті жеткізуге әзірлеумен, мәйітті жеткізумен, жерлеумен, құлпытас дайындаумен және оны орнатумен байланысты барлық шығындар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде әскери қызметшілер, әскери қызметке шақырылған әскери қызметке міндеттілер әскери қызметтен

өткен (жиында болған) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың есебінен жасалады.

Осы баптың төртінші бөлігінде көрсетілген ережелер әскери қызметтегі шекті жасқа жетуі, денсаулық жағдайы бойынша немесе штат қысқартылуына байланысты әскери қызметтен босатылған, әскери қызметінің жалпы ұзақтығы 25 және одан да көп жыл болған азаматтарға, сондай-ақ әскери қызметінің жалпы ұзақтығына қарамастан соғысқа қатысқандарға қолданылады.

Әскери қызметшінің әскери қызметтен өту кезеңінде немесе әскери қызметтен өтуге байланысты контузия, мертігу, ауыру салдарынан әскери қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл өткенге дейін мүгедектігі анықталған жағдайда бір жолғы өтем:

I топтағы мүгедекке - отыз айлық ақшалай қаражаты;

II топтағы мүгедекке - он сегіз айлық ақшалай қаражаты;

III топтағы мүгедекке - алты айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде төленеді.

Әскери қызметшілер, әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде мүгедектікке әкеп соқпайтындай қатты мертіккен (жараланған, жарақат, контузия алған) ретте оларға бір жарым айлық ақшалай қаражаты; жеңіл жарақат алған ретте жарты айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде бір жолғы өтем төленеді.

Егер өлімнің себебі өзіне-өзі қол жұмсаудан болғаны, өзіне-өзі қол жұмсауға жеткізген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, сондай-ақ егер қаза (өлім), жаралану, контузия, жарақат алу, мертігу адамның заңға қайшы іс-әрекетінен немесе алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан мас болу себебінен немесе өзіне қандай да бір жарақат түсіру (денесіне зиян келтіру) арқылы болса және бір жолғы өтем алу немесе әскери қызметтен жалтару мақсатымен өз денсаулығына өзгедей зиян келтірсе, бір жолғы өтем төленбейді.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, әскери (арнайы) оқу орындарының стипендия алатын курсанттарына, әскери жиынға шақырылған әскери міндеттіге мынадай жағдайларда:

осы баптың үшінші бөлігінде көзделгендей жағдайда - 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

осы баптың алтыншы бөлігінде көзделгендей жағдайда:

I-топтағы мүгедекке 250 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

II-топтағы мүгедекке 150 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

III-топтағы мүгедекке 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

осы баптың жетінші бөлігінде көзделгендей жағдайда: ауыр жарақат үшін 12 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, жеңіл жарақат үшін 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы өтемдері төленеді.

Мемлекет әскери қызметшілерге мемлекеттік органдардың, меншік түрлеріне карамастан кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ лауазымды адамдардың; қылмыстық және өзге де жауапкершілікке заңсыз тартуы; тыйым салу жазасы ретінде қамауға алуды заңсыз қолдануы; заңсыз соттауы; оның өз мүлкін бүлдіруі, жоюы немесе жоғалтуы; денесіне зақым келтіруі; қызметін немесе әскери атағын заңсыз төмендетуі; құқықтарынан, жеңілдіктер мен артықшылықтардан заңсыз айыруы; шарт ережелерін сақтамауы салдарынан келтірілген моральдық және материалдық нұқсанды өтеуге кепілдік береді.

Аталған жағдайларда соттың немесе жоғары тұрған қолбасшылықтың шешімі бойынша әскери қызметшілердің қызметтік, зейнеткерлік және басқа да жеке әрі мүліктік құқықтары қалпына келтіріледі әрі келтірілген зиян оны келтірген кінәлі тұлғалардың есебінен немесе бюджет қаражатының есебінен қалпына келтіріледі

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1993.10.19. N 2453-XII Заңымен, 2001.10.10. N 247 Заңымен, 2003.07.08. N 478 Заңымен, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

15-бап. Білім алу құқығы

Әскери қызметшілердің әскери (арнаулы) оқу орындарында оқуға құқығы бар

Әскери (арнаулы) оқу орындарын бітірген әскери қызметшілер қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарында оқи алады.

Әскери қызметшілерге (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқаларға) өздері құрылымында әскери қызметтен өтетін Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрамалар басшыларының келісімімен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес сессияларды және қорытынды емтихандарды тапсыру үшін демалыс беріле отырып, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру ұйымдарында оқудың кешкі немесе сырттай түрінде оқуға рұқсат етіледі.

Оқу кезеңінде әскери қызметке шақырылған адамдар әскери қызметтен босатылғаннан кейін өздері шақырылғанға дейін оқыған оқу орнындағы оқуын жалғастыруға құқылы.

Солдаттар (матростар), сержанттар (старшиналар) лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жатқан және күнтізбелік есеппен кемінде сегіз жыл қызмет атқарған әскери қызметшілердің Қазақстан

Республикасының жоғары оқу орындарында ақылы негізде оқыған шығындарын оқу құнының елу проценті мөлшерінде бюджет қаражаты есебінен өндіріп алуға құқығы бар. Бұл жеңілдік бір рет қолданылады.

Әскери қызметшіге көрсетілген шығындарды өтеуді әскери қызметші әскери қызметін өткеріп жатқан мемлекеттік орган жүргізеді.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқуға жұмсалған шығындарды өтеуге құқығы бар әскери қызметшілер қабылданған Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары қаржыландыруды ашу үшін көрсетілген мемлекеттік органдарға әскери қызметшіні білім беру ұйымына қабылдау туралы бұйрықтың куәландырылған көшірмесін жолдайды.

Әскери қызметшіні басқа білім беру ұйымына ауыстырған кезде Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқуға жұмсалған шығындарды өтеу мөлшері түзетілуге жатады.

Әскери қызметшіге академиялық демалыс берілген кезде оны оқытуды қаржыландыру берілген академиялық демалыс кезеңінде тоқтатыла тұрып, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқуға жұмсалатын шығындарды өтетуге құқығы сақталады.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқуға жұмсалған шығындарды өтетуге құқығы бар әскери қызметшіге ол оқыған (оқып жатқан) білім беру ұйымы таратылған және қайта ұйымдастырылған, білім беру ұйымының жұмысы тоқтатыла тұрған, ол лицензиясынан айырылған жағдайларда басқа жоғары оқу орындарында қаржыландырудың жалғастырылуына кепілдік беріледі.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2009.02.09. N 125-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. Көлікте жүру. Почта жіберілімдері

Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) Қазақстан Республикасының аумағында қызмет бабымен орын ауыстырғанда және әскери қызметтен босағанда стационарда емделуге барып, қайтқанда темір жол, әуе қатынасы, су және автомобиль көлігімен тегін жүру, бұған қоса он тоннаға дейін өз мүлкін тегін тасымалдауға құқығы бар.

Әскери қызметшілер (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқасы) отбасыларының мүшелеріне, бірге жүретініне әскери қызметшілер қызмет бабымен Қазақстан Республикасының аумағында орын ауыстырған және олар әскери қызметтен босатылған кезде тегін жүріп-тұруға олармен бірдей жеңілдіктер беріледі.

Аталған жағдайлардағы шығындар құрылымында әскери қызметшілер әскери қызметте тұратын Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың қаражаты есебінен жасалады.

Жергілікті өкілді органдар мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге қала ішінде, қала маңына және жергілікті жерлерде қатынайтын қоғамдық көліктің барлық түріне (таксиден басқа) жол жүруге жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен жеңілдіктер беруге құқылы.

Мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерге, әскери (арнаулы) оқу орындарының бірінші және екінші курстарының курсанттарына пошта жіберілімдері үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде ақшалай өтем төленеді.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттары:

стационарлық емделуге барған және кері қайтқан кезінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша теміржол, әуе, су және автомобиль көліктерінде;

әскери қызметтен босағанда, сондай-ақ демалысқа барған және кері қайтқан кезінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша теміржол, су және автомобиль көліктерінде тегін жүруге құқылы.

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.04.07. N 374 Заңымен , 2001.10.10. N 247 Заңымен , 2003.07.08. N 478 Заңымен .

17-бап. Азаматтарды әскери қызметтен босату және оларды еңбекке орналастыру

Әскери қызметшілер "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әскери қызметтен босатылуға құқылы.

Жиырма және одан да көп жыл қызмет атқарған әскери қызметшілерді олардың өздері мен отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар бойынша тұрғын жай бермейінше, әскери қызметтен жасына, денсаулық жағдайына, штат қысқартылуына байланысты босатуға болмайды.

Әскери қызметшілерді (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) әскери қызметтен заңсыз босатқан ретте осыған байланысты келтірілген зиян Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың есебінен толық көлемінде өтелуге тиіс. Негізсіз босатылған әскери қызметшілер бұрынғы лауазымымен (ал оның келісімі бойынша оған тең немесе төмен) әскери қызметке орналастырылады және заңсыз босатылғаннан кейін алмаған қаражаттың барлық түрлерімен қамтамасыз етіледі. Бұл кезең қызмет еткен жылына және кезекті әскери атақ беру үшін қызмет еткен мерзіміне қосылады.

Аталған реттерде әскери қызметшілерді қайтадан әскери қызметке алу және оларға келтірілген зиянды өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Әскери қызметшілерге әскери қызметтен босатылған кезде мынадай бір жолғы жәрдемақы төленеді:

жасына, ауыруына, денсаулық жағдайының шектелуіне немесе штат қысқартылуына байланысты босатылған әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтің әскери қызметшілері мен әскери оқу орындарының курсанттарынан б а с қ а) .

Әскери қызметтен басқа негіздер бойынша босатылған азаматтарға бір жолы төленетін жәрдемақының құрамы мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді ;

әскери қызметте 10 жылдан 15 күнтізбелік жылға дейін қызмет еткендерге - ақшалай қаражатының төрт айлықақысы;

15 жылдан 20 жылға дейін - ақшалай қаражатының бес айлықақысы;

20 жылдан 25 жылға дейін - ақшалай қаражатының алты айлықақысы;

25 жылдан 30 жылға дейін - ақшалай қаражатының жеті айлықақысы;

30 жылдан көп - ақшалай қаражатының сегіз айлықақысы;

мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерге - айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ал ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жетім балалар қатарындағы аталған адамдарға бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді.

Әскери қызметтен өту кезеңінде мемлекеттік орденмен (ордендермен) наградталған әскери қызметшілерге берілетін бір жолғы жәрдемақының мөлшері ақшалай қаражаттың екі айлықақысына көбейтіледі.

Мерзімді әскери қызметті өткерген адамдардың өздері шақырылған нақ сол кәсіпорынға жұмысқа қабылдану кезінде басым құқығы болады.

Әскери қызметтен босатылған азаматтарды жұмысқа орналастыру, олардың мамандық алуы, зейнетақы алу құқығынсыз әскери қызметтен босатылған адамдарды жұмыспен қамту Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2001.10.10 N 247, 2003.07.08 N 478, 2007.05.22 N 255, 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3 Бөлім. Әскери қызметшілердің міндеттері

18-бап. Жалпы міндеттер

Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігін қорғау, оның сыртқы және ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қарулы шабуылға тойтарыс беру және агрессорды жеңіліске ұшырату, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделерін қорғау мен оның халықаралық міндеттемелеріне сәйкес міндеттерді орындау жауынгерлік борыштың мәні болып табылады, ол әскери қызметшілерді:

- әскери антқа адал болуға, өз халқына қалтқысыз қызмет етуге, өз Отанын қаһармандықпен және шеберлікпен қорғауға;

- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен мемлекет заңдарын, әскери жарғылардың талаптарын қатаң сақтауға, командирлерге (бастықтарға) сөзсіз бағынуға, олардың бұйрықтарын дәл және мерзімінде орындауға;

- өз халқының қорғаушысы абыройын және жауынгерлік даңқын, әскери атақтың абыройын және жауынгерлік жолдастықты қымбат тұтуға;

- әскери шеберлікті жетілдіре беруге, қару-жарақ пен әскери техниканы қолдануға әрдайым әзір ұстауға, әскери мүлікті сақтауға;

- тәртіпті, қырағы болуы, мемлекеттік, әскери және қызметтік құпияның ашылуына жол бермеуге, шарт бойынша міндеттемелерді қатаң сақтауға міндеттейді.

19-бап. Қызметтік және арнаулы міндеттер

Әскери қызметшілердің қызметтік міндеттері мен осы міндеттерді орындау тәртібі әскери жарғылармен және басқа нормативтік актілермен белгіленеді.

Командирлер (бастықтар) дара басшылар болып табылады және бейбіт кез бен соғыс уақытында қарамағындағылардың өмірі мен қызметінің барлық жағына, атап айтқанда: тұрақты жауынгерлік және жұмылдырушылық әзірлікке, олардың жауынгерлік міндеттерді ойдағыдай орындауына; адам құрамының жауынгерлік әзірлігіне, әскери тәртібіне, моральдық-психологиялық жай-күйіне және әскери қызметтің қауіпсіздігіне; қару-жарақтың, әскери техника мен мүліктің жай-күйіне және сақталуына; материалдық-техникалық, медициналық, қаржылық және тұрмыстық жағынан қамтамасыз етуге жауап береді.

Әскери қызметшілер жауынгерлік кезекшілікте (жауынгерлік қызметте), тәуліктік және гарнизондық нарядта жүргенде, сондай-ақ дүлей апаттар мен басқа да төтенше жағдайлардың зардаптарын жоюға қатыстырылған кезде арнаулы міндеттерді орындайды. Аталған міндеттер мен оларды орындау тәртібі заң актілерімен, әскери жарғылармен және солардың негізінде әзірленген басқа да нормативтік актілермен белгіленеді.

20-бап. Қаруды сақтау, алып жүру және қолдану құқығы

Әскери қызметшілер әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде қаруды алып жүруге және қолдануға құқылы.

Әскери қызметшілердің қаруды алып жүру ережелері әскери жарғылармен белгіленеді. Штаттық (жеке) қаруды қолдану тәртібі осы Заңмен және басқа заң актілерімен белгіленеді.

Әскери қызметшілер соңғы шара ретінде қаруды және өзі немесе бөлімше құрамында мынадай жағдайларда:

- күзетілудегі әскери және азаматтық объектілерге, қарауылдарға, әскери бөлімдердің тұрғын жайы мен ғимараттарына топ болып немесе жеке жасалған қарулы шабуылға тойтарыс беру үшін;

- қаруды және әскери техниканы күш қолданып иелену әрекетін тыю үшін;

- егер әскери қызметшілер мен жай адамдарды өзге әдістермен және құралдармен қорғау мүмкін болмаса, оларды өміріне немесе денсаулығына қатер төндіретін шабуылдан қорғау үшін;

- егер қылмыскерді қарсыласуын өзге әдістермен және құралдармен жеңу немесе қаруын тартып алу мүмкін болмаса, қылмыс жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен не ауыр қылмыс жасау кезінде үстерінен түскен адамдарды, сондай-ақ қаруын тапсыру туралы заңды талаптарды орындаудан бас тартқан қарулы адамды ұстау үшін;

- жануарлардың шабуылынан қорғану үшін қолдануға құқылы.

Қару қолдану оны қолданбақшы ниет туралы ескертуді көздеуге тиіс. Күтпеген қарулы шабуыл, ұрыс техникасын, көлік құралдарын, теңіз және өзен кемелерін пайдалана отырып шабуыл жасаған кезде, сондай-ақ қамаудан қару алып қашқан жағдайда қару ескертусіз қолданылуы мүмкін.

Әскери қызметшілер қауіп дабылын беру немесе көмек шақыру үшін қару қолдануға құқылы.

Қаруды қолдану және пайдалану кезінде әскери қызметші айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мүмкін болған шаралардың бәрін қолдануға, ал қажет болған жағдайда зардап шеккендерге дереу медициналық көмек көрсетуге міндетті.

Әйелдер мен кәмелетке толмағандар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен не әскери қызметшінің (әскери қызметшілердің) өміріне қатер төндіретін топталып шабуыл жасаған реттерде, егер мұндай шабуылды басқа әдістермен және құралдармен тойтару мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда, оларға қару қолдануға тыйым салынады.

Қару қолданылатын немесе пайдаланылатын әрбір ретті әскери қызметші командиріне (бастығына) баяндайды.

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.08. N 478 Заңымен .

4 бөлім. Әскери қызметшілердің жауапкершілігі

21-бап. Әскери қызметшілердің әскери тәртіпті бұзғаны және құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылығы

Әскери қызметшілер әскери тәртіпті бұзғаны үшін әскери жарғыларда белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Әскери қызметші әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде жасаған қылмысы мен өзге де құқық бұзушылықтары үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмыстық , әкімшілік немесе материалдық жауаптылықта б о л а д ы .

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.07.08. N 478 Заңымен .

22-24-баптар. <*>

Ескерту. 22-24-баптар алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.07.08. N 478 Заңымен .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті